Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 303 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 24 ақпандағы N 26 Өкімі
"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында"
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 303 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2002 ж., N 6, 44-құжат; N 39, 369-құжат; 2003 ж., N 18, 180-құжат; 2004 ж., N 4, 50-құжат; N 51, 671-құжат; 2005 ж., N 44, 578-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамына:

Байқадамов Болат Кенжекешұлы - Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл;

Мәми Қайрат Әбдіразақұлы - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы ;

Мұхаметжанов Бауыржан Әлімұлы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі;

Түгел Әнуар Құрманбайұлы - Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының президенті;

Тұрмағанбетова Жеміс Өтегенқызы - "Адам құқықтары үшін хартиясы" қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры енгізілсін;

аталған Кеңестің құрамынан М.Т.Әлімбеков шығарылсын;

2) аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңес туралы Ереженің 4-тарауының алтыншы абзацындағы "Құқық қорғау және сот жүйелері мәселелері бөлімі" деген сөздер " Заңнама және құқықтық сараптама бөлімі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК